



№17 (8221)  
30 сәуір  
БЕЙСЕНБІ,  
2026 ЖЫЛ



# Кен Жылой

Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



ken-zhyloi.kz

Ken-Zhyloi@mail.ru

ken\_jyloi\_gazeti

kenzhyloi

ken.jyloi

JYLOINEWS

ken\_jyloi\_gazeti

\* 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні



## ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ! ҚАДІРМЕНДІ ЖЕРЛІЕСТЕР!

Сіздерді бейбітшілік пен тағұлымдылық жағдайымен бейбітшілікке айналған 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл айтулы күн – еліміздегі ұлттар мен ұлестардың өзара сыйластығы мен достығын нығайтатын, бірлік пен келісімнің маңызын айқындайтын ерекше мереке. Тағұлымдылық пен тұрақтылықтың ту еткен халқымыз үшін бұл күннің мәні айрықша.

Жылыой өңірі – ауызбіршілігі жарасқан, еңбегімен елге үміт болған қасиетті мекен. Ауданымыздың қамын мен көркеюіне

үлес қосып жүрген әрбір тұрғынның еңбегі зор құрметке лайық. Бірлік пен ынтымақтың арқасында алғашы уақытта да биік белестерді бағындыратынымызға сенім мол.

Осы жақын мереке күні баршаңызға зор денсаулық, талағай табыс, отбасыларыңызға амандық пен шайттық тілейміз! Әр шаңырақта деректе орнап, қуаныш пен ырыс артта берсін!

Еліміздің мерейі үстем, абыройы асқақ, баламағы жарқын болғай! Әрбір отбасы бақыт пен шайттыққа келіп, халқымыздың бірлігі нығая берсін!

Ізгі тілекпен,  
Жұмабек ҚАРАЖАНОВ,  
аудан әкімі



\* Сыртқы саясат

## «ЭКОЛОГИЯ ТЕК КЛИМАТ МӘСЕЛЕСІМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ»

Президент саммит қатысушыларына ілтипат білдіріп, халықаралық диалог алаңының маңызына тоқталды, бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлаған болатын. Өңірлік экологиялық саммиті БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдармен бірге ұйымдастырылып отыр.

Диалог алаңының мақсаты –экожүйелерді, су және жер ресурстарын қорғау, қалпына келтіру әрі бірлесіп пайдалану бойынша кешенді саясат пен тетіктерді қалыптастыру, Орталық Азия өңірінің биоалуантүрлілігін сақтау.

Мемлекет басшысы өз сөзінде экология тек климат мәселесімен шектелмейтін атап өтіп, оны адамның ішкі үйлесімімен және қоғамның тұрақтылығымен байланыстырды.

«Қазіргі экология тек климат мәселесімен шектелмейді. Бұл адамзат тіршілігінің түп негізі. Яғни әңгіме таза ауа мен сапалы суға, бүлінбеген топырақ пен сенімді азық-түлік жүйесіне, қоғамның тұрақтылығына және ұрпақтың келешегіне қатысты болып отыр. Жалпы ақыл-ойдың тұнықтығы, қоғамдағы үйлесім мен адами бақыт та осыған саяды. Ал экология дегеніміз – Жер бетіндегі тіршілікке жауапкершілікпен қарайтын саналы өмір салты. Сондықтан бүгінгі саммит дер кезінде ұйымдастырылып отыр» деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

А.ТАЛАПҚЕР

\* Туризм

## Велосипедші Бүрлен

Қытайда дүниеге келген 22 жастағы қазақ қызы Бүрлен Әділеттің еліміздің кең-байтақ жерін аралауға шыққан ерекше сапары Жылыойға да алып келді. Маңғыстау өңірінен басталған веложол сапарын ол шамамен үш ай ішінде аяқтауды жоспарлап отыр. Қазақстанға қоныс аударғанына небәрі бір жыл болған жас саяхатшы бұл бастамасы арқылы туған жердің әр өңірін өз көзімен көріп, қазақ даласының кеңдігін, рухын және табиғатын терең сезінуді мақсат еткен.

Бүрлен Әділетқызы Қытай Халық Республикасының Тарбағатай өңірінде дүниеге келген. Бұған дейін де ол ұзақ қашықтықтарды бағындырып, тәжірибесімен танылған. Мәселен, Үрімжі қаласынан Астанаға дейінгі аралықты велосипедпен небәрі 26 күнде жүріп өткен. Бұл оның төзімділігі мен табандылығы арқасында жеткен алғашқы жетістігі десек те болады. Саяхатшының айтуынша, жол үстінде қиындықтар кездескенімен, ол кез келген

жағдайға сабырмен қарап, алға ұмтылуды басты қағида еткен. «Әзірше жолда ешқандай қиындық кездеспеді. Бастысы қорықпай, сапарға шығып кету керек. Мәселен, әр кеште ертең жаңбыр жауса не істеймін деп алаңдап жатып, Құдайдан жолымның ашық болуын сұраймын. Ертеңіне күн ашылып тұрады» дейді Бүрлен өз әсерімен бөлісіп.

Ауданымызға келген сапарында жас саяхатшыны аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысы

Әлібек Науаров пен «Кен Жылыой» мәдениет үйінің директоры Әлібек Темірханов арнайы қарсы алып, жылы лебіздерін білдірді. Кездесу барысында қонаққа аудан атынан естелік медаль табысталды. Бүгінде ержүрек қыз Атырау қаласына жетіп, сапарын жалғастыруда. Алдағы бағыты – Батыс Қазақстан өңірі, нақтырақ айтқанда Орал қаласы. Ол еліміздің әр өңірін аралау арқылы тек географиялық сапар емес, рухани таным мен тәжірибе жинауды көздейді.

Бүрленнің бұл бастамасы жас буынның ерік-жігерін, елге деген сүйіспеншілігін және туған жерді тануға деген құштарлығын айқын көрсететін ерекше мысал. Оның сапары Қазақстанның әр аймағын біріктіретін ортақ рух пен мәдени байланыстың көрінісіне айналып отыр.

Д.ІЗБАСАРҚЫЗЫ



## Құрметті Жылыой ауданының тұрғындары мен қонақтары!

«Теңізшевройл» ұжымы атынан барша қазақстандықтарға Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын дейміз.

Бұл мереке бір-бірімізді құрметтеу, тату болу, ортақ болашақ жолында бірлесіп еңбек ету маңызды екенін еске салады. Әртүрлі ұлт пен мәдениет өкілдері арасындағы бірліктің мәні күнделікті іс-әрекетте, бір-бірін тыңдап, ортақ мүсіндік таба білгенде жатыр.

«Теңізшевройл» компаниясында көптеген ұлт өкілі еңбек етеді, сондықтан кәсіби шеберлік пен жауапкершілікке негізделген ынтымақтастық – ортақ жұмысымыздың берік іргетасы. Біз сенім мен өзара түсіністік тұрақты нәтижелерге жеткізеді деп санаймыз.

Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын! Бәріңізге зор денсаулық, бақыт, отбасыңызға амандық және бейбітшілік тілейміз. Халық достығы мен бірлігі мәңгі болсын!

Билли ЛАКОБИ,  
«Теңізшевройл» ЖШС  
Бас директоры

Қуанышкерей МҰХТАРОВ,  
«Теңізшевройл» ЖШС  
Бас директорының орынбасары

\* Газеттің келесі саны сәрсенбі, 6 мамырда шығады.

Бүгінгі санда:

### Мекемеде кадр тапшылығы сезіледі

Қоғамдық тазалық – кез келген елді мекеннің келбетін айқындайтын, тұрғындардың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін маңызды сала. Таза көше мен ұқыпты орта – жай ғана сыртқы көрініс емес...

3

### Иммунитет қалыптастыру маңызды

Адам денсаулығын сақтауда екпенің орны ерекше. Екпе жұқпалы аурулардың алдын алудың ең тиімді әрі қауіпсіз жолы. Ол ағзаның иммунитетін күшейтіп, қауіпті инфекцияларға қарсы...

4

### Рухани тәрбие негізі

«Ихсан – рухани тәрбие негізі». Осындай атаумен өткен тағылымды семинар аудан имамдарының басын қосты. Маңызды шараға Иманғали орталық мешітінің наип имамы, ҚМДБ-ның уағыз-насихат бағытына жауапты Қанағат Қалыбайұлы арнайы қатысып...

5